<b>С.Р. Тажиев, Е.Ж. Мургазин, В.С. Салыбекова, А.К. Алимгазина</b> ОБВОДНЕНИЕ ПАСТБИЩ ПОДЗЕМНЫМИ ВОДАМИ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ОТГОННОГО ЖИВОТНОВОДСТВА В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ .....	169
<b>Н.К. Турманбетов, Г.С. Айтхожаева, А. Зермухамед, В. Гурскиене</b> ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ В ВОССТАНОВЛЕНИИ ДЕГРАДИРОВАННЫХ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ЗЕМЕЛЬ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ .....	182

## МЕХАНИЗАЦИЯ И ЭЛЕКТРИФИКАЦИЯ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА

<b>Е.К. Әуелбек, Д.Б. Ордатаев, Е. Саркынов, Ж.З. Жакупова</b> ПЕРЕДВИЖНАЯ УСТАНОВКА ДЛЯ ОЧИСТКИ И ДЕЗИНФЕКЦИИ ШАХТНЫХ КОЛОДЦЕВ: РАЗРАБОТКА КОНСТРУКТОРСКОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ .....	192
<b>М.Т. Жетпейсов, Ж.С. Садыков, А.С. Альчимбаева, Ж.Ж. Мустафин</b> СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ НАКЛОННОЙ КАМЕРЫ РИСОУБОРОЧНОГО КОМБАЙНА .....	203
<b>Е.Р. Жумагалиев, И.А. Тайлер, Б.М. Касымбаев, М.Ж. Хазимов, Г.Ч. Бора</b> ОПРЕДЕЛЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ТРАНСПОРТИРОВКИ ВАКУУМИРОВАННОЙ ИЗМЕЛЬЧЕННОЙ ЗЕЛеной МАССЫ НА ТРАКТОРНО-ТРАНСПОРТНОМ АГРЕГАТЕ .....	215
<b>Г.Н. Каирова, С.Б. Корабаева, Э.С. Исмагулова, С.Н. Альмаханова</b> ОЦЕНКА УСТОЙЧИВОСТИ СОРТОВ ЯБЛОНИ К <i>ALTERNARIA ALTERNATA</i> В УСЛОВИЯХ ЕСТЕСТВЕННОЙ ЭПИФИТОТИИ НА ЮГО-ВОСТОКЕ КАЗАХСТАНА .....	229
<b>А.Д. Серикбаева, Ж.М. Сулейменова, М.А. Тайжанова, Ж.Б. Досимова</b> РАЗРАБОТКА ОПТИМАЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПАСТЕРИЗАЦИИ И ФЕРМЕНТАЦИИ ВЕРБЛЮЖЬЕГО МОЛОКА ДЛЯ ПРОИЗВОДСТВА ФУНКЦИОНАЛЬНОГО КИСЛОМОЛОЧНОГО НАПИТКА ШАЛАП.....	239



Это произведение доступно по лицензии Creative Commons «Attribution-NonCommercial» («Атрибуция — Некоммерческое использование») 4.0 Всемирная.

*E. Razuan*<sup>\*1</sup>, *A.M. Ombayev*<sup>1</sup>, *B.S. Akhmetova*<sup>2</sup>, *A.M. Nusupov*<sup>2</sup>

<sup>1</sup>NAO Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan;

<sup>2</sup> NAO Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

E-mail: [abdi\\_rahman@mail.ru](mailto:abdi_rahman@mail.ru)

## GROWTH CHARACTERISTICS OF THE KAZAKH BACTRIAN CAMEL BREED RAISED IN THE EASTERN REGION OF KAZAKHSTAN

**Razuan Ergali**, Doctoral student PhD, NAO “Kazakh National Agrarian Research University”, Almaty, Abai Avenue 8, 050021, Republic of Kazakhstan

E-mail: [razuanergali@gmail.com](mailto:razuanergali@gmail.com), <https://orcid.org/0009-0007-6750-4771>;

**Ombayev Abdirakhman Moldanazaruly**, Doctor of Agricultural Sciences, Professor, Head of the International Research Center for Quality Management in Animal Husbandry, NAO “Kazakh National Agrarian Research University”, Almaty, Abai Avenue 8, 050021, Republic of Kazakhstan

E-mail: [abdi\\_rahman@mail.ru](mailto:abdi_rahman@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-1347-6249>;

**Akhmetova Balnur Serikovna**, Candidate of Agricultural Sciences, Head of the Department of Agriculture, NAO «Shakarim University», Semey, Glinki Street, 20A, 071412, Republic of Kazakhstan

E-mail: [Bako\\_84\\_21@mail.ru](mailto:Bako_84_21@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-4477-752X>;

**Nusupov Amanzhan Maksutkanovich**, doctor PhD, Acting Associate Professor, NAO «Shakarim University», Semey, Glinki Street, 20A, 071412, Republic of Kazakhstan

E-mail: [amanshan.nusupov@mail.ru](mailto:amanshan.nusupov@mail.ru), 0000-0002-0504-6425.

**Abstract.** The article presents the results of a study on the live body weight and body measurements of the double-humped Kazakh Bactrian camel at the ages of 1, 6, 18, and 42 months, raised under the conditions of the “Kaskabulak” breeding farm in the Abai district of the Abai region. A comprehensive analysis of live weight and biometric indicators of camel offspring was conducted according to age. Index indicators characterizing the level of skeletal development, chest formation, and the proportionality and harmony of body conformation were determined. The double-humped Kazakh Bactrian camel raised in East Kazakhstan is characterized by early maturity, stable live weight gain, a strong constitution, and compliance with the requirements of modern camel husbandry. The data obtained prove the high adaptability of the Kazakh Bactrian to pastoral conditions and its genetic potential; thus, its cultivation is recommended for the natural and climatic zones of the Eastern region of Kazakhstan. A comparison of body measurements from one month to 42 months of age revealed that from one to six months, the height at the withers increased by 40.3 cm, diagonal body length by 34.4 cm, heart girth by 66.1 cm, and cannon bone circumference by 1.5 cm. Between six and 18 months, these measurements increased by 15.6, 11.0, 23.7, and 1.6 cm, respectively. From 18 to 42 months, they grew by 14.6, 18.8, 32.7, and 0.9 cm, respectively. The average daily weight gain of the calves in this farm was 1350.0 g in the first month and 685.3 g at six months, while it significantly decreased at 18 and 42 months to 337.8 g and 289.9 g, respectively. The recorded live weight indicators and primary zootechnical body measurements fully comply with the standards for the Kazakh Bactrian camel breed.

**Keywords:** Bactrian, camel, calf (bota), East, farm, pasture, body measurements, live weight, growth process

**For citation:** E. Razuan, A.M. Ombayev, B.S. Akhmetova, A.M. Nusupov (2026). Growth characteristics of the kazakh bactrian camel breed raised in the eastern region of Kazakhstan // Изденістер, нәтижелер

– Исследования, результаты. Vol. 28. Is. 1. Number 109. Pp. 48–55 [In Kaz.]. <https://doi.org/10.37884/1-2026/05>

**Conflict of interest:** The authors declare no conflict of interest.

*Е.Разуан<sup>1</sup>, А.М.Омбаев<sup>\*1</sup>, Б.С.Ахметова<sup>2</sup>, А.М. Нусупов<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>КЕАҚ Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан;

<sup>2</sup>КЕАҚ Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан.

E-mail: [abdi\\_rahman@mail.ru](mailto:abdi_rahman@mail.ru)

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС АЙМАҒЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ҚАЗАҚ БАКТРИАН ТҮЙЕ ТҰҚЫМЫНЫҢ ӨСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Разуан Ерғали**, PhD, докторанты, КЕАҚ «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті», Алматы қаласы, Абай даңғылы 8, 050021, Қазақстан

E-mail: [razuanergali@gmail.com](mailto:razuanergali@gmail.com); <https://orcid.org/0009-0007-6750-4771>;

**Омбаев Абдирахман Молданазарұлы**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, «Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің сапасын басқару» Халықаралық зерттеу орталығының жетекшісі, КЕАҚ «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті», Алматы, Абай даңғылы, 8, 050021, Қазақстан

E-mail: [abdi\\_rahman@mail.ru](mailto:abdi_rahman@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0002-1347-6249>;

**Ахметова Балнур Сериковна**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ауыл шаруашылығы» кафедрасының меңгерушісі, «Шәкәрім университеті» КеАҚ, Семей қаласы, Глинка көшесі, 20А, 071412, Қазақстан

E-mail: [Vako\\_84\\_21@mail.ru](mailto:Vako_84_21@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0002-4477-752X>;

**Нусупов Аманжан Максутканович**, PhD-докторы, қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, «Шәкәрім университеті» КеАҚ, Семей, Глинка көшесі, 20А, 071412, Қазақстан

E-mail: [amanshan.nusupov@mail.ru](mailto:amanshan.nusupov@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0002-0504-6425>.

**Аннотация.** Мақалада Абай облысы Абай ауданына қарасты «Қасқабұлақ» ЖШС асыл тұқымды мал шаруашылығы жағдайында өсірілетін қос өркешті қазақ бактриан тұқымы түйесінің 1,6, 18 және 42 айлық жас түйелерінің тірілей салмақтары мен дене өлшемдері көрсеткіштерін зерттеу нәтижелері ұсынылған. Түйе төлдерінің жасына қарай тірілей салмағы мен биометриялық көрсеткіштеріне кешенді талдау жүргізіліп, қаңқа дамуының деңгейін, кеуде қуысының қалыптасуын, дене құрылымының тепе-теңдігі мен үйлесімділігін сипаттайтын индекстік көрсеткіштер анықталды. Шығыс Қазақстан жағдайында өсірілетін қос өркешті қазақ бактриан тұқымы түйесі тез жетілгіштігімен, тірілей салмақ қосуының тұрақтылығымен, мықты конституциясымен және заманауи түйе шаруашылығы талаптарына сәйкес келетіндігімен сипатталады. Алынған деректер қос өркешті қазақ бактриан тұқымы түйесінің жайылымдық жағдайға жоғары бейімделгіштігін және генетикалық әлеуетін дәлелдейді, әрі Қазақстанның шығыс өңірінің табиғи-климаттық аймақтарында өсіру ұсынылады. **Қазақстанның шығыс аймағында** өсірілетін қазақ бактриан түйе тұқымының бір айлық жасынан қырық екі айлық жасы аралығындағы дене өлшемдерін салыстырғанда шоқтығының биіктігі бір айдан алты айға дейін 40,3 см, тұлғасының қиғаш ұзындығы 34,4 см, кеуде орамы 66,1 см жоғары болса жоғары болса, білезік орамы 1,5 см өссе, алты айдан он сегіз ай аралығында сәйкесінше 15,6; 11,0; 23,7; 1,6 см, он сегіз айдан қырық екі айға дейін сәйкесінше 14,6; 18,8; 32,7; 0,9 см өсті. Аталған шаруашылықта боталардың орташа тәуліктік салмақ қосуы алғашқы бір айда 1350,0 г, алты айда 685,3 г болса, 18 және 42 айында айтарлықтай төмендеп сәйкесінше 337,8; 289,9 г болды. Алынған тірілей салмақ көрсеткіштері мен негізгі зоотехникалық дене өлшемдері қазақ бактриан түйесі тұқымының стандартына толық сәйкес келеді.

**Түйін сөздер:** бактриан, түйе, бота, шығыс, шаруашылық, жайылым, дене өлшемдері, тірілей салмағы, өсу кезеңі

**Дәйексөз үшін:** Е.Разуан, А.М.Омбаев, Б.С.Ахметова, А.М. Нусупов (2026). Қазақстанның шығыс аймағында өсірілетін қазақ бактриан түйе тұқымының өсу ерекшеліктері // Ізденістер, нәтиже

лер – Исследования, результаты. Т. 28. Is. 1. № 109. 2026. Pp. 48–55 [Қазақ тіл.]. <https://doi.org/10.37884/1-2026/05>

**Мүдделер қақтығысы:** Авторлар осы мақалада мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

**Алғыс.** Ғылыми-зерттеу жұмыстарымызды оңтайлы жүргізуімізге мүмкіндік жасаған Шығыс Қазақстан өңірінде қос өркешті қазақ бактриан тұқымы түйесін өсірумен айналысатын Абай облысы Абай ауданы «Қасқабұлақ» ЖШС-нің ұжымына (бас директоры Асқар Амантайұлы Мұқатаев) алғысымызды білдіреміз

**Е. Разуан<sup>\*1</sup>, А.М. Омбаев<sup>1</sup>, Б.С. Ахметова<sup>2</sup>, А.М. Нусупов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>НАО Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан;

<sup>2</sup>НАО Шәкәрім университет, Семей, Казахстан.

E-mai:abdi\_rahman@mail.ru

## ОСОБЕННОСТИ РОСТА И РАЗВИТИЯ ВЕРБЛЮДОВ ПОРОДЫ КАЗАХСКИЙ БАКТРИАН, РАЗВОДИМОЙ В ВОСТОЧНОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА

**Разуан Ергали**, докторант PhD, НАО «Казахский национальный аграрный исследовательский университет», Алматы, проспект Абая, 8, 050021, Казахстан

E-mai: razuanergali@gmail.com; <https://orcid.org/0009-0007-6750-4771>;

**Омбаев Абдирахман Молданазарұлы**, доктор сельскохозяйственных наук, профессор, руководитель Международного исследовательского центра “Управление качеством производства продукции животноводства” НАО «Казахский национальный аграрный исследовательский университет», Алматы, проспект Абая, 8, 050021, Казахстан

E-mai:abdi\_rahman@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-1347-6249>;

**Ахметова Балнур Сериковна**, кандидат сельскохозяйственных наук, заведующий кафедрой «Сельское хозяйство», НАО «Шәкәрім университет», Семей, улица Глинки, 20А, 071412, Казахстан

E-mai:Bako\_84\_21@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-4477-752X>;

**Нусупов Аманжан Максутканович**, доктор PhD, исполняющий обязанности ассоциированного профессора, НАО «Шәкәрім университет», Семей, улица Глинки, 20А, 071412, Казахстан

E-mai:amanshan.nusupov@mail.ru; 0000-0002-0504-6425.

**Аннотация.** В статье представлены результаты исследования показателей живой массы и промеров тела двугорбых верблюдов казахского бактриана в возрасте 1, 6, 18 и 42 месяцев, выращенных в условиях племенного хозяйства ТОО «Каскабулак» Абайского района области Абай. Проведен комплексный анализ живой массы и биометрических показателей молодняка верблюдов в зависимости от возраста, определены индексные показатели, характеризующие уровень развития скелета, формирование грудной клетки, а также пропорциональность и гармоничность телосложения. Двугорбый казахский бактриан, разводимый в условиях Восточного Казахстана, характеризуется скороспелостью, стабильностью прироста живой массы, крепкой конституцией и соответствием требованиям современного верблюдоводства. Полученные данные подтверждают высокую адаптивность к пастбищным условиям и генетический потенциал казахского бактриана, что позволяет рекомендовать его для разведения в природно-климатических зонах Восточного региона Казахстана. Сравнительный анализ промеров тела в период от одного до 42 месяцев показал следующие результаты: в период от одного до шести месяцев высота в холке увеличилась на 40,3 см, косая длина туловища — на 34,4 см, обхват груди — на 66,1 см, обхват пясти — на 1,5 см. В период с 6 до 18 месяцев рост составил соответственно 15,6; 11,0; 23,7 и 1,6 см. С 18 до 42 месяцев показатели роста увеличились соответственно на 14,6; 18,8; 32,7 и 0,9 см. Среднесуточный прирост живой массы верблюжат в данном хозяйстве в первый месяц составил 1350,0 г, в шесть месяцев — 685,3 г, а к 18 и 42 месяцам значительно снизился, составив соответственно 337,8 г и 289,9 г. Полученные показатели живой массы и основные зоотехнические промеры тела полностью соответствуют стандартам породы казахский бактриан.

**Ключевые слова:** бактриан, верблюд, верблюжонок, восток, хозяйство, пастбище, промеры тела, живая масса, процесс роста

**Для цитирования:** К.А. Искаков, А.Ч.Каташев, А.Б.Маханбетова, Б.Т. Кулатаев. (2026). Особенности роста и развития верблюдов породы казахский бактриан, разводимой в восточном регионе Казахстана // Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. Т. 28. Іс. 1. № 109. 2026. Рр. 48–55 [In Eng.]. [https://doi.org/ https://doi.org/10.37884/1-2026/05](https://doi.org/https://doi.org/10.37884/1-2026/05)

**Конфликт интересов:** авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

### **Кіріспе.**

Түйе өсіру – еліміздің мал шаруашылығының дәстүрлі салаларының бірі. Республикадағы барлық жайылымдық жердің 64%-дан астамын (116 млн га) түйе малын өсіру арқылы барынша тиімді пайдалануға болады, әрі осы саланы өркендетуге кең жол ашады. Қазақ халқы еті мен сүті әрі тағам, әрі шипалы дәру, жүні – киім, өзі сенімді көлік болған қасиетті жануарды төрт түліктің төресі санаған [Омбаев және т.б., 2019; Баймуканов және т.б., 2019].

Елімізде түйе шаруашылығы объективті және субъективті жағдайларға байланысты түрліше қарқында дамыды. Қазақстанда 1920 жылы 669,8 мың бас түйе өсірілсе, күштеп жүргізілген ұжымдастыру саясатының салдарынан 1941 жылы оның саны 104,6 мыңға дейін кеміді. Осыдан кейінгі 70 жылға жуық уақыт аралығында мал басы 105,0 – 154,0 мың аралығында болып, ең жоғарғы көрсеткішке 1994 жылы қол жеткізілді (153,9 мың). 1980 – 1995 жылдары аралығында жыл сайын 5,0 – 9,0 мың тонна түйе еті, 4,5–5,0 мың тонна шұбат, 700–1000 тонна жүн өндірілді. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1 қаңтар 2025 жылғы мәліметі бойынша еліміздегі түйенің саны 285,4 мың басқа жетті [Омбаев және т.б., 2023].

Қазақстанда көп тараған түйе тұқымы, ол қос өркешті қазақ түйесі, одан өзіндік құны арзан әрі сапалы түйе етін өндірудің басты жолы түйені жайып-семірту екендігі ғылыми-өндірістік тәжірибелердің нәтижесінде дәлелденген. Түйелер көктемгі және күзгі жайылымдарда тез қонданады. Етті бағыттағы түйе шаруашылығын ең алдымен шұбат өндіру ісімен ұштастырған жөн. Ет өндіретін түйе шаруашылықтарында қазақтың қос өркешті түйесімен қатар, олардың інгендерін қалмақ және түрікмен түйе бурасымен шағылыстыру арқылы алынған будандарды барынша көптеп өсіру тиімді болып табылады [Ваймуканов және т.б., 2020; Ваймуканов және т.б., 2020].

Қазақ бактриан тұқымы түйелерінің белгілі бір экологиялық аймақтарында қалыптасқан үш дербес түрі өсіріледі: Орал-Бөкеев типі – Батыс Қазақстан облысы Бөкейорда ауданы, Ақтөбе облысының Шалқар ауданында және Атырау облысының Құрманғазы ауданында далалық аймақта шоғырланған. Қызылорда типі – Қызылорда және Қарағанды облыстарының барлық түйе өсіретін аудандарында таралған. Оңтүстік Қазақстан типі- Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстарында жиі кездеседі. Зерттеулер нәтижесінде түйелердің Тараз және Шымкент популяцияларының генетикалық тұрғыдан әртүрлілігі анықталған. Каспий маңы ойпатының жағдайында Маңғыстау және Батыс популяциялары жиі кездеседі Қазақтың бактриан тұқымы түйелерінің маңғыстаулық популяциясы Маңғышлақ түбегі жағдайында таралған. Қазақ бактриан түйелерінің батыс сүлесі Атырау облысының Жылыой, Махамбет, Индер аудандарында таралған [Adilbekova Elmira және т.б., 2020; Шәлтенбай және т.б., 2023].

Қазіргі кезде елімізде өсіріліп жатқан түйе тұқымдарының өсіп-даму заңдылықтарын анықтамай, оларды тиімді пайдалану, әрі оның ғылыми негізделген технологиясын жасау мүмкін емес. Сондықтан, Қазақстанның шығыс аймағында өсірілетін түйе тұқымдарының өсу және даму заңдылықтарын анықтау, олардың өнімділік-биологиялық ерекшеліктерін зерттеу өте өзекті.

Зерттеу жұмыстары Абай облысы Абай ауданына қарасты «Қасқабұлақ» ЖШС асыл тұқымды мал шаруашылығында жүргізілді. Шаруашылық 1997 жылы құрылған, Семей қаласынан қашықтығы 93 шақырым, облыстың оңтүстік-батыс бөлігінде, шөлейт аймақта орналасқан, 42 мың гектар ауыл шаруашылығы алқаптарын алып жатыр, негізінен жайылымдар мен шабындықтар, 40 отбасын, елуден астам тұрақты жұмысшыларды біріктіреді.

Жауапкершілігі шектеулі серіктесте қос өркешті қазақ бактриан түйе тұқымы, қазақтың етті-майлы құйрықты биязы жүнді қойы және жабе жылқысы өсіріледі. 2001 жылы шаруашылық Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасына сәйкес мал табынын асылдандыруға және бағалы мал тұқымдарының гендік қорын жаңғыртуға бағытталған селекциялық жұмыстардың нәтижесінде асыл тұқымды шаруашылық мәртебесін алды. Қаржы-экономикалық жағынан мал шаруашылығымен

айналысатын өңірдегі аталған шаруашылық қуатты, әрі тұрақты болып саналады.

2025 жылдың басындағы мәлімет бойынша шаруашылықта 140 түйе, 3000 қой, 600 жылқы, 250-ге жуық ірі қара мал өсіріледі.

Абай облысының экономикасының негізі ауыл шаруашылығы саласы. Облыстың жер көлемінің 90 пайыздан астамы жайылым жерлер құрайтындықтан ауыл шаруашылығы өнімінің барлық үлесін мал шаруашылығы құрайды. Түйе шаруашылығымен облыста тек кейінгі жылдары айналысуда. Облыста өсірілетін негізгі түйе тұқымы- ол қос өркешті қазақ бактрианы болып саналады.

Жұмыстың мақсаты – Қазақстанның шығыс аймағында өсірілетін қазақ бактриан түйе тұқымының өсу заңдылықтарын анықтау, олардың өнімділік-биологиялық ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу жұмысының міндетіне:

- Қазақстанның шығыс аймағында өсірілетін қазақ бактриан түйе тұқымы төлдерінің туылғаннан бастап 42 айлық жасына дейінгі тірілей салмағының өсу қарқынын және өсіп-даму көрсеткіштерін зерттеу;

- жас қазақ бактриан түйе тұқымының даму ерекшеліктерін зерттей отырып, олардың жалпы өсу заңдылықтарын анықтау;

### **Зерттеу материалдары мен әдістемесі**

Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін Абай облысы Абай ауданына қарасты «Қасқабұлақ» ЖШС асыл тұқымды мал шаруашылығының қос өркешті қазақ бактриан тұқымы түйесінің бір, алты, он сегіз және қырық екі айлық жас түйелері іріктеліп алынды.

Зерттеу жұмысының міндетіне сәйкес қазақ бактриан түйе тұқымы төлдерінің негізгі өнім белгісі болып саналатын салмағының өзгергіштігін анықтау мақсатында, олардың 1, 6, 18 және 42 айлық жас түйелерінің тірілей салмақтары мен дене өлшемдері алынды.

Нәтижелер мен деректерді статистикалық өңдеу Н.А. Плохинскийдің стандартты әдістемесі бойынша және Microsoft Excel 2010 бағдарламасына сәйкес жүргізілді. Орташа арифметикалық

көрсеткіш пен оның кателігі ( $\bar{X} \pm m_x$ ) – жалпыланған статистикалық параметрлер немесе түрленген белгілердің орташа деңгейінің статистикалық сипаттамасы болып саналады. Әр аттас белгілердің өзгергіштігін салыстыру үшін және әртүрлі жиынтықтың бір аттас белгілерінің өзгергіштік деңгейін білу үшін өзгергіштік коэффициентін ( $Cv, \%$ ) пайдаланылды. Сапалық белгілердің өзгергіштік шамасын стандарттық ауытқу ( $\sigma$ ) көмегі формуласы бойынша анықталды.

### *Нәтижелер және талқылау*

Қазақ бактриан тұқымы түйелерінің тірілей салмағы мен сыртқы сипаттамаларын зерттеу ғылыми маңызға ғана емес, өндірістік қажеттілікке де ие. Өйткені, Қазақстанның шығыс аймағы жағдайында жыл бойы түйелерді ұзақ мерзімді күтіп-бағу арқылы жайылымдықтарды пайдалану шаруашылықтың қолданысындағы технологияны өндіріске енгізу жағдайында түйелердің конституциялық беріктігі, оңтайлы мөлшері, тірілей салмағы мен ет, сүт, жүн өнімділіктерін арттыру өте маңызды [Баймуканов және т.б., 2015; Баймуканов және т.б., 2021, 38–40].

Түйелерді өсіру кезінде олардың жеке өсу және даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін білу тек жас малды өсіру және сақтау үшін ғана емес, сонымен қатар түйенің асыл тұқымдық және өнімділік қасиеттерін арттыру үшін де үлкен маңызға ие.

Жалпы мал түрлері мен тұқымдарының өсуі мен дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі – тірілей салмақ пен сыртқы дене өлшемдері. Олар малдардың ағзасындағы сандық және белгілі бір дәрежеде сапалық өзгерістерді есепке алуға мүмкіндік береді.

Зоотехникалық ғылымдағы ауылшаруашылығы малдарының өсуі мен дамуын талдау қағидаларына сүйене отырып, біз тәжірибелік түйелердің тірілей салмағының жас ерекшеліктеріне сай өзгеру динамикасы бойынша талдау жасадық. Алынған мәліметтер белгілі бір ғылыми құндылыққа ие, өйткені түйелердің туылған кездегі тірілей салмағының динамикасын және оның туылғаннан кейінгі даму кезеңдеріндегі өзгергіштігін білмейінше, селекциялық-асылдандыру жұмысын жоспарлау, ата-енелік жұптарды таңдау мүмкін емес [Баймуканов және т.б., 2021: 57–58].

«Қасқабұлақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде өсірілетін қазақ бактриан тұқымды түйелерінің бір айлық жасынан қырық екі айлық жасы аралығындағы дене өлшемдерін салыстырғанда шоқтығының биіктігі бір айдан алты айға дейін 40,3 см, тұлғасының қиғаш ұзындығы 34,4 см, кеуде орамы 66,1 см жоғары болса, білезік орамы 1,5 см өссе, алты айдан он сегіз ай аралығында сәйкесінше

15,6; 11,0; 23,7; 1,6 см, он сегіз айдан қырық екі айға дейін сәйкесінше 14,6; 18,8; 32,7; 0,9 см өсті. Жалпы, түйе тұқымының бір айдан алты айлық жасына дейінгі кезеңіндегі өсуін талдау жасағанда дене өлшемдері бойынша жоғарғы көрсеткіштерді байқауға болады.

Ұрғашы қазақ бактриан тұқымды түйелерінің бір айлық кезде шоқтығының биіктігі  $108,8 \pm 1,26$  см, тұлғасының қиғаш ұзындығы  $77,3 \pm 0,85$  см, кеуде орамы  $91,6 \pm 1,07$  см, білезік орамы  $13,6 \pm 1,04$  см, алты айлығында сәйкесінше  $149,1 \pm 1,52$  см;  $111,7 \pm 0,86$  см;  $157,7 \pm 0,90$  см;  $15,1 \pm 0,92$  см, он сегіз айлығында сәйкесінше  $164,7 \pm 1,23$  см;  $121,9 \pm 1,19$  см;  $181,4 \pm 1,37$  см;  $16,7 \pm 0,81$  см,  $179,3 \pm 1,21$  см;  $140,7 \pm 1,33$  см;  $214,1 \pm 1,02$  см;  $17,6 \pm 0,81$  см болды. Жалпы, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс аймағы қазақ бактриан тұқымды түйелеріне тән жасына қарай өсу Шығыс Қазақстан өңірінде өсірілетін түйелерде сақталды.

Кесте 1 – «Қасқабұлақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде өсірілетін түйе төлдерінің дене өлшемдері мен дене құрамының көрсеткіштері,  $n=10$

Көрсеткіштер	Статистикалық белгілер	Түйелердің өсу жас кезеңдері			
		бір айлық	алты айлық	он сегіз айлық	қырық екі айлық
Шоқтығының биіктігі, см	$\bar{X} \pm m_x$	$108.8 \pm 1.26$	$149.1 \pm 1.52$	$164.7 \pm 1.23$	$179.3 \pm 1.21$
	Cv, %	3.65	3.23	2.36	2.13
	$\sigma$	3.97	4.81	3.88	3.82
Тұлғасының қиғаш ұзындығы, см	$\bar{X} \pm m_x$	$77.3 \pm 0.85$	$111.7 \pm 0.86$	$121.9 \pm 1.19$	$140.7 \pm 1.33$
	Cv, %	3.46	2.45	3.10	2.98
	$\sigma$	2.67	2.73	3.77	4.20
Кеуде орамы, см	$\bar{X} \pm m_x$	$91.6 \pm 1.07$	$157.7 \pm 0.90$	$181.4 \pm 1.37$	$214.1 \pm 1.02$
	Cv, %	3.70	1.80	2.38	1.51
	$\sigma$	3.39	2.84	4.32	2.23
Білезік орамы, см	$\bar{X} \pm m_x$	$13.6 \pm 1.04$	$15.1 \pm 0.92$	$16.7 \pm 0.81$	$17.6 \pm 0.81$
	Cv, %	24.28	19.17	15.39	14.63
	$\sigma$	3.30	2.89	2.57	2.58
Созылмалдық индексі, %	$\bar{X} \pm m_x$	$71.0 \pm 1.03$	$74.9 \pm 0.97$	$74.0 \pm 0.92$	$78.5 \pm 1.03$
	Cv, %	4.59	4.09	3.94	4.13
	$\sigma$	3.26	3.06	2.91	3.24
Шомбалдық индексі, %	$\bar{X} \pm m_x$	$84.2 \pm 0.88$	$105.6 \pm 1.17$	$110.1 \pm 1.25$	$119.4 \pm 1.04$
	Cv, %	3.29	3.51	3.59	2.75
	$\sigma$	2.77	3.71	3.95	3.28
Мығымдылық индексі, %	$\bar{X} \pm m_x$	$118.5 \pm 1.09$	$141.0 \pm 1.39$	$148.8 \pm 1.41$	$152.2 \pm 1.18$
	Cv, %	2.90	2.96	3.00	2.46
	$\sigma$	3.44	4.18	4.46	3.75
Сүйектілік индексі, %	$\bar{X} \pm m_x$	$13.1 \pm 0.77$	$10.1 \pm 0.84$	$10.1 \pm 0.49$	$8.48 \pm 0.58$
	Cv, %	19.93	26.42	15.30	21.77

Тек, 18- айлық Қазақстанның шығыс аймағының боталарын оңтүстік-шығыс аймағының боталарымен салыстырғанда шоқтығының биіктігі – 5,0 см, тұлғасының қиғаш ұзындығы – 10 см, кеуде орамы – 13 см жоғары болып, қалған жастарында айтарлықтай айырмашылық анықталмады.

«Қасқабұлақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде өсірілетін қазақ бактриан тұқымды түйелерінің бір айлық жасында созылмалдық индексі-  $71,0 \pm 1,03$  %, шомбалдық индексі-  $82,2 \pm 0,88$ %, мығымдылық индексі-  $118,5 \pm 1,09$  %, сүйектілік индексі –  $13,1 \pm 0,77$  % , осы көрсеткіштер бойынша алты айлығында сәйкесінше  $74,9,1 \pm 0,97$  %;  $105,6 \pm 1,17$  %;  $141,2 \pm 1,39$  %;  $10,1 \pm 0,84$  %, он сегіз ай

лығында сәйкесінше 74,0±0,92 %; 110,1±1,25 %; 148,8±1,41 %; 10,1 ±0,49 %, 78,5±1,03 %; 119,4±1,04 %; 152,2±1,18 %; 9,8 ±0,58 % болды.

Жалпы алғанда түйелердің барлық жасында созылмалдық, шомбалдық, мығымдылық және сүйектілік көрсеткіштері қазақ бактриан тұқымының стандарттық көрсеткіштеріне сәйкес екендігі анықталды.

Туылған кезде қазақ бактриан тұқымының аналық түйе төлдерінің тірілей салмағы 36,6 болса бір айлық түйе боталарының салмағы 40,5 кг-ға , бір айдан 6 айға дейін, алты айдан 18 айға және он сегіз айдан 42 айлық жасына дейін сәйкесінше 102,8; 121,6; 209,6 кг-ға өсіп тұқымдық көрсеткішке сай болды.

Боталардың тірілей салмақ өсімінің коэффициенті өсу кезеңінің алты айына дейін жоғарылап әрі қарай сәл төмендеп, 18 ай мен 42 айлық жасында тиісінше 6,8–6,9 % құрады. Осылайша 18 айдан бастап боталардың әрі қарай өсу кезеңі жайлап төмендей бастайтындығы анықталды.

Кесте 2 – «Қасқабұлақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі түйе төлдерінің жас ерекшеліктеріне байланысты тірілей салмағының өсімі мен орташа тәуліктік салмағы

Түйелердің жасы	Статистикалық белгілер	Көрсеткіштері			
		тірілей салмағы, кг	тірілей салмағының өсуі, кг	орташа тәуліктік салмағы, г	тірілей салмақ өсімінің коэффициенті, %
туылғаннан бір айға дейін	$\bar{X} \pm m_x$	77,1± 1.20	40,5± 1.29	1350,0±0.94	11,0±0.66
	Cv, %	4.94	10.07	2.20	18.79
	$\sigma$	3.81	4.08	4.39	3.48
бір айдан алты айға дейін	$\bar{X} \pm m_x$	179,9± 0.99	102,8±1.07	685,3±1.15	13,3±1.14
	Cv, %	1.74	3.29	0.53	27.04
	$\sigma$	3.13	3.39	3.63	4.54
алты айдан он сегіз айға дейін	$\bar{X} \pm m_x$	301,5±1.19	121,6±1.09	337,8±0.85	6,8±0.69
	Cv, %	1.24	2.84	0.80	32.32
	$\sigma$	3.75	3.45	2.71	2.20
он сегіз айдан қырық екі айға дейін	$\bar{X} \pm m_x$	511,1±0.93	209,6±1.06	289,9±1.22	6,9±0.75
	Cv, %	0.58	1.60	1.33	34.71
	$\sigma$	2.95	3.36	3.85	2.39

Жоғарыда атап кеткеніміздей орташа тәуліктік салмақ қосу мөлшері түйе төлдерінің жасы мен тірі салмағының өзгеруіне сәйкес өзгереді. Аталған шаруашылықта боталардың орташа тәуліктік салмақ қосуы алғашқы бір айда 1350,0 г, алты айда 685,3 г болса, 18 және 42 айында айтарлықтай төмендеп сәйкесінше 337,8; 289,9 г құрады

### Қорытынды

Шығыс Қазақстан өңірінің Абай облысы Абай ауданы «Қасқабұлақ» ЖШС асыл тұқымды мал шаруашылығы жағдайында қос өркешті қазақ бактриан тұқымы түйесінің өсуі мен даму көрсеткіштері аталған түйе тұқымы стандарттарына сәйкес келетіндігі анықталды. Жалпы, қазақ бактриан түйе тұқымын Қазақстанның шығыс өңірінде өсіру жоғары өнімділік пен экономикалық тұрғыдан тиімді екендігін, әрі аймақтың ауа-райына және экологиялық жағдайына бейімділігін көрсетті

### Әдебиеттер

Adilbekova Elmira, Alibaev Nuradin, Arunas Svitojus, Abuov Galymzhan (2020). Genetic typing of Sout Kazakhstan populations dairu camels using DNA technology. Journal Animal biotechnology, 2020 г., 31 (6). Pp. 547-554.

Баймуқанов А., Баймуқанов Д.А., Турумбетов Б.С., Ермаханов М. (2015). Технология содержания и кормления верблюдиц// Актуальные вопросы развития животноводства в современных условиях: Сборник трудов международной научной конференции. — М. РГАУ-МСХА имени К.А.Тимирязева, 2015.С. 20-25

Баймуқанов Д.А., Омбаев А.М., Баймуқанов А., Юлдашбаев Ю.А., Демин В.А. (2019). Хозяйственно-полезные признаки внутрипородного типа верблюдов казахского бактриана. Известия Тимирязевской сельскохозяйственной академии. Научно-

теоретический журнал Российского государственного аграрного университета-МСХА им. Тимирязева. — Изд.РГАУ- МСХА. М. 2019. С. 72-87

Baimukanov D.A., Semenov V.G. and Iskhan K.Zh. (2020) Biological and production capacities of Kazakh Bactrian camels of various pedigrees *Conf. Ser.: Earth Environ. Sci.* 604 012029 <https://doi.org/10.1088/1755-1315/604/1/012029> <https://share.google/TfTg6Q4Cja68Bb39e>, <https://fermer.ru/files/v2/advice/385582/8baimukanov2020iopconfsearthenvironsci604012029.pdf>

Baimukanov D.A., Semenov V.G., Alibaev N.N., Baimukanov A.B., Karymsakov T.N., Ermakhanov M.N., Iskhan K.ZH. (2020). Technology to improve milk productivity of female camels of the Arvana breed and Kazakh bactrian *IOP Conf. Series: Earth and Environmental Science* 433 (2020) 012027. 8 p. <https://doi.org/10.1088/1755-1315/433/1/012027> <https://share.google/FRz1LgFrb2KVgLIJ9>, <https://fermer.ru/files/v2/advice/385582/5baimukanov2020iopconfsearthenvironsci433012027.pdf>

Баймуқанов Д.А., Исхан К.Ж., Джунисов Д. (2021). Технология производства продуктов верблюдоводства Учебное пособие. — А., 2021, 182 с.

Баймуқанов Д.А., Исхан К.Ж., Джунисов Д. (2021). Технология племенной работы и сертификация племенной продукции в верблюдоводстве. Учебное пособие. — А.: 2021, 147 с.

Омбаев А.М. (2019). От опыта предков до современных технологий. Доклады ТСХА. Сборник статей. Вып.291. часть V/M7. Изд. РГАУ-МСХА. — М., 2019. 383-386 с.

Омбаев А.М., Кулатаев Б.Т., Разуан Е. (2023). Перспективы развития верблюдоводства в Казахстане. «Актуальные проблемы пастбищного животноводства, экология и создания пастбищных агрофитоценозов» Материалы республиканской научно-практической конференции, 27 октября 2023, стр. 68-70.

Шәлтенбай Г.Н., Амандықова М., Канас Т., Бекманов Б.О., Досыбаев К.Ж., Уалиева Д.А. (2023). Тараз және шымкент популяциясына жататы түйелердің генетикалық әртүрлігін issr-pcr маркерлері негізінде салыстырмалы талдау. «Изденистер, нәтижелер-Исследования, результаты» ғылыми журналы. №4(100) 2023. ISSN 2304-3334. 35-44 б. <https://doi.org/10.37884/4-2023/05>.

### References

Adilbekova Elmira, Alibaev Nuradin, Arunas Svitoyus, Abuov Galymzhan (2020). Genetic typing of Sout Kazakhstan populations dairu camels using DNA technology. *Journal Animal biotechnology*, 2020. 31 (6). Pp 547-554.

Bajmukanov A., Bajmukanov D.A., Turumbetov B.S., Ermahanov M. (2015). Tehnologija sodержanija i kormlenija verbljudic// Aktual'nye voprosy razvitija zhivotnovodstva v sovremennyh uslovijah:Sbornik trudov mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii. — M. RGAU-MSHA imeni K.A. Timirjazeva, 2015. Pp. 20-25 [in Russ],

Bajmukanov D.A., Ombaev A.M., Bajmukanov A., Juldashbaev Ju.A., Demin V.A. (2019). Hozjajstvenno- poleznye priznaki vnutripododnogo tipa verbljudov kazahskogo baktriana. *Izvestija Timirjazevskoj sel'skohozjajstvennoj akademii.Nauchno- teoreticheskij zhurnal Rossijskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta-MSHAim. Timirjazeva. Izd.RGAU- MSHA.* — M. 2019. Pp. 72-87 [in Russ]

Baimukanov D.A., Semenov V.G. and Iskhan K.Zh. (2020). Biological and production capacities of Kazakh Bactrian camels of various pedigrees *Conf. Ser.: Earth Environ. Sci.* 604 012029 <https://doi.org/10.1088/1755-1315/604/1/012029> <https://share.google/TfTg6Q4Cja68Bb39e>, <https://fermer.ru/files/v2/advice/385582/8baimukanov2020iopconfsearthenvironsci604012029.pdf>

Baimukanov D.A., Semenov V.G., Alibaev N.N., Baimukanov A.B., Karymsakov T.N., Ermakhanov M.N., Iskhan K.ZH. (2020). Technology to improve milk productivity of female camels of the Arvana breed and Kazakh bactrian *IOP Conf. Series: Earth and Environmental Science* 433 (2020) 012027. 8 r. <https://doi.org/10.1088/1755-1315/433/1/012027> <https://share.google/FRz1LgFrb2KVgLIJ9>, <https://fermer.ru/files/v2/advice/385582/5baimukanov2020iopconfsearthenvironsci433012027.pdf>

Bajmukanov D.A., Ishan K.Zh., Dzhuniso D. (2021). Tehnologija plemennoj raboty i sertifikacija plemennoj produkcii v verbljudovodstve. *Uchebnoe posobie.* — A.: 2021, 147 p [in Kaz.].

Bajmukanov D.A., Ishan K.Zh., Dzhuniso D. (2021). Tehnologija proizvodstva produktov verbljudovodstva *Uchebnoe posobie.* — A.: 2021, 182 p. [in Kaz.].

Ombaev A.M. (2019). Ot opyta predkov do sovremennyh tehnologij. *Doklady TSHA. Sbornik statej. Vyp.291. chast' V/M7. Izd. RGAU-MSHA.M,2019. Pp.383-386* [in Russ],

Ombaev A.M., Kulataev B.T., Razuan E. (2023). Perspektivy razvitija verbljudovodstva v Kazahstane. «Aktual'nye problemy pastbishhnogo zhivotnovodstva, jekologija i sozdaniya pastbishhnyh agrofitocenzov» *Materialy respublikanskoj nauchno-prakticheskoy konferencii, S, 27 oktjabrja 2023. Pp. 68-70.* [in Uzb.].

Sholtenbaj G.N., Amandyqova M., Kanas T., Bekmanov B.O., Dosybaev K.Zh., Ualiev D.A. (2023). Taraz zhәne Shymkent populjaciasyna zhataty tүйelerдің генетикалық әртүрлігін ISSR-PCR маркерлері негізінде салыстырмалы талдау. «Izdenister, nәтижелер» ғылыми zhurnaly. №4 (100) 2023. ISSN 2304-3334. 35-44 p. [in Kaz],

**Ergali Razuán** – investigation, data collection, writing the manuscript.

**Abdirakhman Ombaev** – conceptualization, project administration, editing.

**Balnur Akhmetova** – methodology, supervision.

**Amanzhan Nuspov** – literature review, data processing.

*Conflict of interest: The authors declare no conflict of interest*

**Ергали Разуан** – Зерттеу, Деректерді жинақтау, Мақаланы жазу

**Абдирахман Молданазарұлы Омбаев** – Тұжырымдама, Жобаны басқару, Редакциялау

**Балнұр Сериковна Ахметова** Әдістеме, Бақылау

**Аманжан Максұтқанович Нұсупов** – Әдебиетке шолу, Материалды өңдеу

**Ергали Разуан** – исследование, сбор данных, написание статьи.

**Абдирахман Молданазарұлы Омбаев** – концепция, управление проектом, редактирование.

**Балнұр Сериковна Ахметова** – методология, контроль.

**Аманжан Максұтқанович Нұсупов** – обзор литературы, обработка материалов.

# RESEARCH, RESULTS

SCIENTIFIC JOURNAL

# ІЗДЕНІСТЕР, НӘТИЖЕЛЕР

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

# ИССЛЕДОВАНИЯ, РЕЗУЛЬТАТЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

## Құрылтайшысы және баспагері:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы» КЕАҚ

## Бас редактор

Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы

## Жауапты редактор

Мрзабаева Раушан Жалиевна

## Компьютерде беттеген

Асанова Жадыра Миримхановна

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғылы, 8

Журнал сайты: <https://journal.kaznaru.edu.kz/>

Баспаға берілді 27

27.02.2026 ж.